

## «Оқуға құштар колледж»

2022 жылы 10 қарашада геодезия және картография жоғары колледжінің кітапханасында «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында 103 топ жетекшісі Кошурбаева Р. студенттерімен бірлесіп, «Бір колледж - бір кітап» тақырыбында әдеби акция өткізді.

**Акцияның мақсаты:** студенттердің ұлы ақын Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін жетілдіру, Абайдың шығармашылық мұрасын құрметтеуге бағыттау.

Студенттер қазақтың дара, дана ақыны, жазушы, ағартушы, аудармашы және композитор Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы білетіндерімен бөлісіп, қойылған сұрақтарға белсенді жауап берді.

Әдеби акцияда Абай шығармашылығына арналған «Абай - ғұлама ақын» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, кітапханашы Касымова С. қысқаша шолу жасады.

